



Искакова Наркеш Билаловна

**физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
(доцент)**

Искакова Наркеш Билаловна, 1977 жылы туылған. Негізгі білімін 1994-1998 жылдары 0301-Математика және информатика мамандығы бойынша Ө. А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде алған. 2007 жылдан бастап 01.01.02-Дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика мамандығы бойынша физика-математика ғылымдарының кандидаты. Ғылыми атағы – 01.01.00-Математика мамандығы бойынша қауымдастырылған профессор (доцент) (16.11.2021 ж., №793).

Жалпы еңбек өтілі – 22 жыл. Педагогикалық қызметін 1998 жылы Ө.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінде сабақ беруден бастады. 2007 жылдың қыркүйек айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің математика және математикалық модельдеу кафедрасында жұмыс істейді. Оқытатын пәндері: Математикалық анализ, Көп өлшемді анализ, Дифференциалдық теңдеулер, Интегралдық теңдеулер, Дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есептер бойынша арнайы курстар. Оның жетекшілігімен жыл сайын бакалаврлардың дипломдық жұмыстары мен магистрлік диссертациялар қорғалады. Кафедраның оқу-әдістемелік және ғылыми жұмысымен белсенді айналысады. Марапаттары бар: мамандарды кәсіби даярлау ісіне сіңірген еңбегі үшін "ҮЗДІК ҰСТАЗ" марапаттау белгісі (куәлік №538, 14.12.2017 Ж.) және "Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне 90 жыл" мерейтойлық медалі (куәлік №840, 13.12.2018 ж.).

Педагогикалық қызметпен қатар ғылыми қызметті де белсенді жүргізеді. Н. Б. Искакованың ғылыми жұмыстары кешігулі аргументі бар дифференциалдық теңдеулер жүйесіне арналған сызықтық және сызықтық емес шеттік есептерді зерттеуге арналған. Оның жарық көрген ғылыми жұмыстарында келесі ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген: кешігулі аргументі бар сызықтық дифференциалдық теңдеулер жүйелері үшін шеттік есептерді шешудің алгоритмдерін құру және есептің бастапқы деректері бойынша олардың жинақты болу шарттары алу; кешігулі аргументі бар сызықтық дифференциалдық теңдеулер үшін периодты шеттік есептің бірімәнді шешілуінің коэффициенттік белгілері анықтау; периодты шеттік есептің бастапқы деректері бойынша кешігулі аргументі бар сызықтық емес дифференциалдық теңдеулер үшін енгізілген параметрлердің бастапқы жуықтауын анықтауға мүмкіндік беретін теңдеулер жүйесін құру және оның шешімін табу

әдісі ұсыну; кешігулі аргументі бар сызықтық емес дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есептің оқшауланған шешімі бар болудың қажетті және жеткілікті шарттарын тағайындау; кешігулі аргументі бар сызықтық емес дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есептің оқшауланған шешімінің дифференциалдық теңдеудің оң жағынан және бастапқы функциядан үзіліссіз тәуелділігінің шарттарын анықтау.

Осы нәтижелер негізінде 2007 жылдың 6 шілдесінде Математика институтының Д53.04.01 Диссертациялық кеңесінде 01.01.02 – дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика мамандығы бойынша "Параметрлеу әдісімен кешігулі аргументі бар дифференциалдық теңдеулер жүйесі үшін периодты шеттік есепті шешу" тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Ғылыми жетекшісі: ф.-м.ғ.д., профессор Д.С.Джумабаев.

Қазіргі уақытта Н.Б. Исакова кешігулі аргументі бар дифференциалдық теңдеулер үшін сызықтық емес екі нүктелі шеттік есептерді және уақыт бойынша тұрақты кешігуі бар аралас туындылы гиперболалық теңдеулер жүйесі үшін сызықтық емес бейлокал шеттік есептерді шешу әдістерін әзірлеуде.

Исакова Наркеш Билаловнаның 41 ғылыми еңбектері жарияланған. Олардың ішінде: 1 монография, онда ішінде жеке жазылғаны 6.04 б.т., 2 оқу-әдістемелік құрал, Scopus дерекқорына кіретін басылымдарда 2 мақала, Web of Science дерекқорына кіретін басылымдарда 2 мақала:

Интеграл-дифференциалдық және жүктелген дифференциалдық теңдеулер үшін шеттік есептерді зерттеу: монография // Э.А.Бакирова, **Н.Б.Исакова**, Ж.М.Кадирбаева. – Алматы: ҚазМемҚызПУ. 2017. – 290 б. (ISBN 978-601-224-933-0).

Bakirova E.A., **Iskakova N.B.**, Assanova A.T., "Numerical Method for the Solution of Linear Boundary-Value Problems for Integrodifferential Equations Based on Spline Approximations", Ukrainian Mathematical Journal, 71:9 (2020), 1341–1358. (Q4; Highest percentile=37; Scopus SJR=0.325; Citescore=0.9).

Anar T. Assanova, **Narkesh B. Iskakova**, and Nurgul T. Orumbayeva, "On the well-posedness of periodic problems for the system of hyperbolic equations with finite time delay", Mathematical Methods in the Applied Sciences, (2019), 1-22, ISSN 0170-4214. (Q1; Highest percentile = 90; Scopus SJR=0.719; Citescore=3.4).

Assanova A.T., **Iskakova N.B.**, Orumbayeva N.T., "Well-posedness of a periodic boundary value problem for the system hyperbolic equations with delayed argument", Bulletin of the Karaganda University. Mathematics Series, **89**:1 (2018), 8-14.

Бакирова Э.А., **Исакова Н.Б.**, "Жүктелген дифференциалдық теңдеулер үшін сызықтық емес шеттік есепті шешудің бастапқы жуықтауын таңдаудың бір тәсілі туралы", Қарағанды университетінің хабаршысы. «Математика» сериясы, **84**:4 (2016), 8-17. Халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларда баяндама жасаған.

Исакова Наркеш Билаловна ҚР БҒМ ҒК гранттық қаржыландыру ғылыми жобаларына белсенді қатысады:

2020-2022 жылдарға арналған ҚР БҒМ ҒК қаржыландыратын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша ГҚ "Кешігулі аргументі бар дифференциалдық теңдеулер үшін сызықтық емес шеттік есептерді зерттеу және шешу әдістері" жобасының ғылыми жетекшісі;

2020-2022 жылдарға арналған ҚР БҒМ ҒК қаржыландыратын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша ГҚ "Жалпыланған типтегі үзінді-тұрақты аргументі бар гиперболалық теңдеулерге арналған шеттік есептер" жобасының орындаушысы.

Н. Б. Исакованың ғылымиметрикалық көрсеткіші Хирш индексіне көрсетілген: Scopus базасында h-индекс=2, Web of Science базасында h-индекс = 2.